

Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесін бекіту туралы

Жетісу облысы әкімдігінің 2026 жылғы 2 наурыздағы № 56 қаулысы

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-тармағы 3-1) тармақшасына сәйкес Жетісу облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Жетісу облысы бойынша жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жетісу облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Исабаев
Облыс әкімдігінің 2026 жылғы " __ " __
№ _____
қаулысына қосымша

Жетісу облысы бойынша жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесі

| № | Балық шаруашылығы су айдындарының атауы | Орналасқан жері |
|---|---|--------------------|
| 1 | Аманбұлақ | Сарқан ауданы |
| 2 | Көксай | Талдықорған қаласы |
| 3 | Қызылқайың | Ақсу ауданы |
| 4 | Соркөл | Қаратал ауданы |